

Өскемен КӨТЕРГЕН БАСТАМАНЫ өзгелер қолдады

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бұл мәселені біз достарымызбен, әріптестерімізбен, пікірлестерімізбен, еліміздің түрлі өңіріндегі өкілдермен бірге талқыладық. Біздің бастамамызды барлығы қолдап отыр, – деді Ерлан Сыдықов.

Жиын барысында ең әуелі Михаил Панин сөз алып, баяндама жасады.

Нұрсұлтан Назарбаев мемлекетті басқарған жылдары еліміздің келбеті адам танымас-тай өзгеріп, биік белестерді бағындырды. Өмірдің жаңа стандарттары үдемелі қарқынмен қалыптасып келеді. Баяндамашы өз сөзін жиналғандарға осылайша жеткізіп, қазақстандықтар үшін Нұрсұлтан Назарбаев жаңа қоғамды, жаңа мемлекетті, жаңа экономиканы құрған Ұлт көшбасшысы болғанын мақтанышпен атап өтті.

– Сіздерді Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік өкілеттілігін ұзарту жөніндегі ұсыныстарымызды қолдауға шақырамын, – деді М.Панин сөзінің соңында.

Жиын барысында сөз алып, бастамаға үн қосқан азаматтар көп болды. Сол кісілердің пікірлерін ықшамдап ұсынып отырмыз.

Олжас СҮЛЕЙМЕНОВ, қоғам қайраткері:

– 2012 жыл өте күрделі оқиғаларға толы жыл болғалы тұр. Осы жылы АҚШ президентінің де президенттік мерзімі аяқталады. Ресейде де президент сайлауы өтеді. Сондықтан бүкіл әлем сайлаумен, саяси шаруалармен тыныстайтын болады.

Екі жыл ішінде атқарылуға тиіс жұмыстардың да шаш етектен екенін жақсы білеміз. Сайлаудың да жұмысы көп. Мұның бәрін есепке алсақ, аз ақша емес. Мұндай жағдайлар біздің елімізге де өз әсерін тигізбей қоймайды. Президенттік сайлау науқанына аз шығынның кетпейтінді де белгілі. Сайлаудың еліміздің экономикасы мен әлеуметтік дамуына да белгілі бір мөлшерде шығын әкелеріне күман жоқ. Сайлау болған күннің өзінде де Елбасының елінің мерейіне бөленеріне ешкім дәу айта алмайды. Сондықтан алтын уақытты кетіріп, миллиардтаған қаржыны шығындаудың қажеті шамалы. Менің ойымша, Қазақстанның бұл бәйгеге қатысып қажеті жоқ. Өйткені, біздің елі сенген, әлем мойындаған, білікті де білгір Нұрсұлтан Назарбаевтай Көшбасшымыз бар. Бізге Назарбаевтай тәжірибелі, білікті де білгір, озық ойлы тұлға тұрғанда ештеңеге алаңдайтын жөніміз жоқ.

Розақұл ХАЛМУРАДОВ, Парламент Мәжілісінің депутаты:

– Қазақ халқының сан ғасырлық аңсаулы арманын іске асырып, тәуелсіз Қазақстанды құру еліміздің тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қажырлы еңбегінің, нағыз ерлігінің арқасында болды. Қазақстанда тұратын 140-тан астам этнос

өкілдерін қазақтың қасиетті де берекелі шаңырағының астында топтастырып, олардың бірлігін, ынтымағын нығайтудағы ұлтаралық және конфессияаралық келісімді, қоғамдағы татулықты үйлестірудегі Мемлекет басшысының ерлікке толы еңбегін, бүгінде тек қана қазақстандықтар емес, бүкіл әлем көріп, мойындап отыр.

Осы жылдың қазан айында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында алғаш рет айтылған бүгінгі бастамашы топтың Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік өкілеттілігін бүкілхалықтық референдум арқылы 2020 жылдың 6-желтоқсанына дейін ұзарту туралы ұсынысын үлкен қуанышпен қолдаймыз. Бұл – жалғыз менің ойым емес, осы форумға келер алдында екі жарым миллионнан астам халқы бар Оңтүстік Қазақстан облысында болып, өңірдің бірқатар тұрғындарымен кездескенімде, жарты миллиондай қазақстандық өзбектерді біріктіретін этномәдени бірлестіктердің өкілдерімен жүздескенде олар маған: «Сіз Парламент Мәжілісінің депутаты ретінде мемлекетіміздің тұңғыш Президенті, Елбасы қызметін қамтамасыз ету саласындағы заңнамаларды жетілдіру мәселелері бойынша екі заң жобасындайындау бастамашылардың қатарында болдыңыз ғой. Енді біздің атымыздан Нұрсұлтан Назарбаевтың президенттік өкілеттілігін ұзарту туралы бастаманы жеткізіңіз» деп тапсырған болатын. Екі жарым миллион қазақстандықтар, 500 мыңдай қазақстандық өзбектер Елбасының президенттік өкілеттілігін 2020 жылға дейін ұзартуды шын жүректен қолдайтындықтарын сіздерге жеткізім келеді.

Өмірзақ ОЗҒАНБАЕВ, Маңғыстау облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы:

– Асыл халқым қилы дәуірден өтті. Тар заманды да, зар заманды да, қор заманды да көрдік. Сол халық есін жинап, етегін жауып, арқасын тамға сүйегендей үлкен Отанға ие болды. Отан деген – қасиетті ұғым. Қазір дүние жүзінде 4 мыңға жуық ұлт бар болса, соның 200-ге жуығының ғана өз елі, өз Отаны, өз мемлекеті бар.

Біздің Тәуелсіздігіміз 20-шы жылға қадам басып бара жатыр. Осы жылдар ішінде халқымыз бүкіл даму сатысынан өтті. Мен Жоғарғы Кеңестің, Парламент Сенатының депутаты ретінде өткен ғасырдағы тоқсаныншы жылдардың басындағы елдегі жағдайды көзіммен көрген адаммын. Шәкірт шәкіртақысын, зейнеткер зейнетақысын, жұмысшы жалақысын ала алмай жүрген еді. Үлкен империя құлады. Мінеки, сол кезде ел қалай болады екен деген мәселе біздің бәріміздің алдымызда тұрды.

Мен Отан деген ұғымға келгенде еліміздің Президенті – Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлымен мақтанамын. Миллиардтаған



халқы бар елдер бар. 16 миллионнан асқан Қазақстан Еуропаның терезесінен, есігінен сығалап жүріп, сол Еуропаның төріне шығып, төбе би болу тағдыры бізге бұйырап ма екен деп ойлайтын едім. Американың азуын айға білеген Президентімен, дүние жүзінің саясаткерлерімен пікір салыстырып, озып шығып, оларды тыңдатып, ұйыта алатын қазақтан ұл туар ма екен деп армандайтын едім. Бүкіл түркі дүниесі мойындайтын, біздің көшбасшымыз деп атайтын қайраткер тұлға өмірге келер ме екен деп армандайтын едім. Құдайға шүкір, осы армандарымыздың бәрі іске асты. Оны іске асырған – Нұрсұлтан Назарбаев. Сол кісінің арқасында Қазақстан өсіп, көркейіп, гүлденіп Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының көшін бастап келе жатыр. Міне, осы табыстарының барлығы тек қана Нұрсұлтан Назарбаевтың есімімен байланысты.

Бүгінгі бастаманы маңғыстаулықтар да қолдайды. Осы басталған әдемі жол жалғасын табуы керек. Сондықтан біз референдум туралы шешімді қуаттаймыз. Сөз соңында айтарым, біздің бәрімізді – бүкіл Қазақстан қоғамын біріктіретін ол бір тағдыр, бір Отан, бір Көшбасшы – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев.

Бастамашы топ бекітілді

Басқосуға жиылған жұрт бастамашы топтың ұсынысын бірауыздан қолдап, жиын үстінде бастамашы топтың төрағасы мен оның орынбасарларын бекітті. Бастамашы

топтың төрағасы болып Ерлан Сыдықов сайланды. Жиын соңында бастамашы топтың ел халқына арнаған Үндеуі оқылды (1-беттегі Үндеуді қараңыз).

Бастамашы топ енді әр өңірде жұмыс істейтін болады. Олар бастамаға қатысты ел-жұрт тарапынан келіп түскен пікірлер мен лебіздерді есепке алып отырады. Айта кетерлігі, Өскемендегі ұсынысты қазірдің өзінде қолдап, қуаттап жатқан жұрт қатары көп.

Жиыннан соң бастамашы топ өкілдері мен журналистер арасында баспасөз мәслихаты өтті. Баспасөз мәслихатында сөз алған бастамашы топ төрағасы Ерлан Сыдықов игі бастаманың қалай туғаны жөнінде қысқаша айтып берді.

– Бұл идея менің және пікірлестерімнің тарапынан біраздан бері айтылып келеді. Біз жұртшылықпен кездестік. Түрлі ұлт өкілдерінің пікірлерін тыңдадық. Біз қазақстандықтардың өз Елбасын толық қолдайтынына көз жеткіздік. Бұл ойға келуімізге себеп көп. Естеріңізде болса, жазда бүкіл еліміздің халқы тұңғыш Президентімізді Ұлт көшбасшысы деп заңдастырды. Одан кейін күзде Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында осы мәселе тағы да көтерілді. Біздің ойымыздың дұрыстығын дәлелдеп, қанат бітірген желтоқсан айында өткен Астана Саммиті болды, – деді Ерлан Сыдықов.

Әлімжан Қадылбекұлы,
Азамат Қасым